

ОӘЖ 81.27

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ӘСЕРЛІ-ӘРЛІ СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Мұхаммедова Мақпал Маратқызы

2-курс магистранты, филология факультеті,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан

Берілген мақалада әсерлі-әрлі сөздерді оқытудың әдістемелік ерекшеліктері зерттелген. Тілдегі әсерлі-әрлі сөздердің рөлі көрсетілген. Ойын арқылы оқыту технологиясының артықшылығы көрсетілген.

Кілт сөздері: әсерлі-әрлі сөздер, жаңартылған білім беру бағдарламасы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, заманауи технологиялар.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы - заманауи талаптар мен қиындықтарға бейімделіп, оқушыларды тез өзгеретін әлемде табысты өмір сүру үшін қажетті білім және дағдылармен қамтамасыз ететін оқыту бағдарламасы. Жаңа білімді интеграциялау барысында бағдарлама заманауи ғылыми жетістіктерді, технологиялық жаңалықтарды және соңғы білім беру әдістемелерін қамтып қана қоймай, оқуды оқушылар үшін өзекті әрі қызықты етеді. Оқушылар еңбек нарығындағы өзгерістерді, экологиялық мәселелер немесе әлеуметтік қиындықтар болсын, болашақта кездесетін нақты мәселелер мен жағдайларға дайын тұлға ретінде қалыптасады. Сыни тұрғыдан ойлау оқушылардың ақпаратты талдау, жағдайды сыни тұрғыдан бағалау және ұтымды шешімдерді қабылдау қабілетін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар тиімді қарым-қатынас жасау, өз ойлары мен сезімдерін білдіру, басқа адамдардың көзқарастарын түсіну және құрметтеу қабілеттерінде назардан тыс қалдырмайды.

Мектептегі жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша әсерлі-әрлі сөздерді оқытудың тиімді әдістері оқушылардың эмоционалды интеллектісі мен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталуы керек. Әсерлі-әрлі сөздерді оқыту элементтерін қосу оқушыларға өздерінің сезімдері мен айналасындағылардың эмоцияларын жақсы түсінуге көмектеседі, бұл өз кезегінде әлеуметтік өзара әрекеттесу мен жеке дамуды жақсартуға ықпал ететіні анық. Әр оқушының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеруге мүмкіндік беретін оқытудың сараланған тәсілін қарастыратын бұл бағдарлама оқушылардың өзін-өзі тануы мен көрсетуі үшін жағдайлар жасап, баланың өз-өзіне оң баға беруін қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы орайда заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) енгізу оқу процесін интерактивті және қолжетімді етпек. Әсерлі-әрлі сөздерді оқытудың технологиясын құрып, әдістемелік ерекшеліктеріне зер салсақ.

1. Теориялық дайындық. *Әсерлі-әрлі сөздердің анықтамасымен жұмыс:* оқушылар әсерлі-әрлі сөздердің не екенін, олардың қарым-қатынастағы рөлі мен маңыздылығы туралы ақпараталып, өз беттерінше зерттейді. Екіншіден, эмоциялардың негізгі категорияларымен (қуаныш, қайғы, ашу, қорқыныш және т.б.) және олардың адам өмірінде қалай көрініс табатынымен танысады. Бұл кезеңді «эмоцияларды жіктеу» деп атасақ болады. Әсерлі-әрлі сөздерді қолданудың оқушының ішкі сезімін білдірудегі рөлін толықтай ашып, маңызын түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

2. Практикалық бөлім. *Ойын арқылы оқыту технологиясын* пайдалана отырып, оқытуды жүзеге асыру. Бұл - сабақтың мақсатына жету үшін ойын элементтерін қолдануға негізделген педагогикалық әдіс. Ол оқушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыруға, олардың оқуға деген ынтасын арттыруға және әртүрлі дағдыларды дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Баланың когнитивті, коммуникативті, әлеуметтік және эмоционалды дағдыларын шыңдау мақсатында дидактикалық, рөлдік, симуляциялық ойын түрелрін ұсынуға болады. Әр түрлі контексте әсерлі және әрлі сөздерді қолдануды жаттықтыру үшін рөлдік ойындарды, драматизацияны және имитациялық жаттығуларды қолдану тиімді тәсіл болмақ. *Мәтінді талдау* - әсерлі-әрлі сөздерді қолдануды анықтау және талқылау үшін әдеби шығармаларды, фильмдер мен мультфильмдерді талдау. Мысалы, көркем әдебиеттегі белгілі бір шығарманың желісі бойынша сахналандырылған көрініс қою арқылы әсерлі-әрлі сөздердің қолданысын толық түсініп, талдау жасайды. Оқыту технологиясының тағы бір түрі – *жоба*. Әсерлі-әрлі сөздерді зерттеуге және қолдануға бағытталған жобаларды құру (мысалы, эмоцияны білдіретін сөздерден сөздік құрастыру, эмоционалды-экспрессивті реңк үстейтін мәтіндерді топтастыру және т.б.).

3. Дағдыларды жаттықтыру. *Коммуникативті тренингтерге* баланың бойында эмпатия талантын дамытуға, мұқият тыңдауға және эмоцияларды сөздер арқылы білдіруге бағытталған сабақтарды жатқызамыз. *Шығармашылық тапсырмалар* орындау арқылы эмоциялар мен сезімдерді сипаттауға бағытталған эсселер, өлеңдер мен шағын әңгімелер жаздыру. Жазылым дағдысын дамыту арқылы баланың дұрыс, жүйелі ойлау жүйесін қалыптастырамыз. Әдеби шығармаларды талдау барысында кейіпкерлердің эмоциялары айқын көрінетін шығармаларды оқыту және оны өзара талқылау. Оқушылар эмоцияны жеткізу үшін қандай сөздер мен өрнектер қолданылатынын талдайды, бұл өз кезегінде тіл байлығының артуы мен сөйлеудің әсерлілігі мен әрлілігіне әсер етеді. Оқушылар әдебиет арқылы өздерінің және басқалардың эмоцияларын сипаттауды үйренеді. *Пікірталастар*

мен дебаттар: қатысушылардың эмоцияларына баса назар аудара отырып, әртүрлі жағдайлар мен оқиғаларды талқылау, олардың эмоционалды реакцияларын талдау және тиісті сөздерді қолдануын бақылау.

4. Бағалау және рефлексия. *Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау* барысында оқушылар өздерінің және сыныптастарының әсерлі-әрлі сөздерді қолданудағы жетістіктерін бағалайды. Мұғалім тарапынан оқушылардың эмоцияларды білдіруде қолданған тілдік бірліктеріне *кері байланыс* беріледі. *Рефлексия*: «Менің көңіл күнделігім» атты күнделік жүргізуді тапсыру, онда оқушылар өздерінің эмоцияларын жазады және оларды сипаттау үшін қандай сөздерді қолданғанын талдайды. Бүгінде оқушылардың білімі мен дағдыларын бағалаудың заманауи әдістері енгізілуде, бұл олардың білімі мен белсенділігін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

5. Басқа пәндерге интеграция. Пәнаралық байланыстар орнату арқылы эмоционалды интеллектті дамытуға неғұрлым жан-жақты көзқарас қалыптастыру үшін «Қазақ әдебиеті», «Тарих», «Құқық негіздері» және басқа да пәндердің курстарына эмоционалды сөздерді зерттеуді қосу. Ендеше, әсерлі-әрлі сөздерді оқыту технологиясын құру барысында басшылыққа алуға болатын жаттығулар мен олардың түрлеріне шолу жасасақ. Бірінші жаттығу - «*Эмоционалды шеңбер*». Оқушылар шеңберге отырады және кезек-кезек әсерлі-әрлі сөздерді атайды, оларды қолдануға болатын жағдайларды сипаттайды. «*Сезім күнделігі*» арқылы оқушы өзі үшін күнделік жүргізіп, эмоционалды интеллектісін жазылым дағдысымен қатар дамытады. «*Эмоционалды мимика*» барысында оқушының немесе әдебиеттегі кейіпкердің бет әлпетінен эмоцияны тану және тиісті сөздерді таңдау жаттығулары орындалады.

Заманауи технологияларды қолдану арқылы білім саласында жаңа жетістіктерге жетіп жатқанымыз рас. Оның дәлелі - интерактивті платформалар, бейне сабақтар мен вебинарлар. Сол себепті де әсерлі-әрлі сөздерді үйрену және жаттықтыру үшін онлайн курстарды, қолданбаларды және басқа да сандық ресурстарды пайдалану – заман талабының сұранысы. Көрсетілген әдістер мен тәсілдер оқушыларға эмоционалды сөздерді біліп қана қоймай, оларды күнделікті өмірде орынды қолдануға, олардың коммуникативті және әлеуметтік дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

Қорыта келе, оқушыға пәнді қызықты, әрі жеңіл түсіндіре алудың маңызды екенін ескере отырып, ойын арқылы оқыту технологиясының артықшылығын аңғарамыз. Оқушыға әсерлі-әрлі сөздерді үйрету арқылы басқа адамдардың эмоцияларын тану, түсіну және басқару қабілетімен қатар өз ойлары мен сезімдерін ашық білдіруге септігін тигізетінін атап өткен жөн. Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушылардың жан-жақты дамуын және өзгермелі жағдайларға бейімделуін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

ТЕХНОЛОГИЯ ОБУЧЕНИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНО-ЭКСПРЕССИВНЫМ СЛОВАМ ПО ОБНОВЛЕННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ

Мұхаммедова Мақпал Маратқызы

В данной статье исследуются методические особенности обучения эмоционально-экспрессивным словам. Показана роль эмоционально-экспрессивных слов в языке. Показано преимущество технологии обучения через игру.

Ключевые слова: эмоционально-экспрессивные слова, обновленная образовательная программа, информационно-коммуникационные технологии, современные технологии.

TECHNOLOGY OF TEACHING EMOTIONAL-EXPRESSIVE WORDS ON THE UPDATED EDUCATIONAL PROGRAM

Mukhammedova M.M.

This article studies methodological features of teaching emotional-expressive words. The role of emotional-expressive words in language is shown. The advantage of the technology of teaching through the game is shown.

Keywords: emotional-expressive words, updated educational program, information and communication technologies, modern technologies.